



ХОНЫС ЕРКЕБАЕВ -
ПРОФЕССИОНАЛ СВОЕГО ДЕЛА



СҰРАДЫҢЫЗ БА?
ЖАУАП БЕРЕМІЗ!

ТАБИҒАТТЫ АЯЛАУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Қоршаған орта мен адамдардың арасында үлкен байланыс бар. Сондықтан табиғаттың маңыздылығын ұмытпай, ортақ мекеніміздің көркеюіне үлесімізді қосқан абзал. Табиғаттың тазалығын сақтау үшін әлеуметтік нысандарда санитарлық жұмыстар жүргізілуі тиіс. Зауыт қызметкерлері қашанда қала келбетінің келісті болуы үшін қалалық іс-шараларға ат салысып, қоғамдық жұмыстардан тыс қалып көрген емес. Зауыттың қызметкерлері 2-ші және 16-шы сәуірде өткен қалалық сенбілікте бөлінген аймақтар мен көшелерде тазалық жұмыстарын қарқынды жүргізді.

- Өткен сенбіліктерде зауыттың құрылымы болып қаланың тазалығы үшін жұмыстандық. Сенбілікке шыққандар қоғамдық орындар мен жол бойындағы ретсіз тасталған қоқыстарды тазалады. Олардың табиғатты аялауға деген құлшынысы жоғары болды. Санитарлық жұмысқа 320 қызметкер жиналды. Олар қажетті қолғаптар, құрал-жабдықтар, қоқыс салатын қаптармен қамтылды. Жалпы жұмысқа 2 самосвал, 1 жүк тиегіш трактор, 2 жеңіл көлік жұмылдырылды. Қатысушылар бөлініп, «Балықшы» және «Тұрғындар қалашығы» шағын ауданын, Әуезов, Мұқанов, Шарипов көшелерін және Ақшағыл өткелі тұстарындағы қураған шөп, бөтелке, ағаш сынақтары тәрізді қоқыс қалдықтарын жинастырды. Табиғатты ластау немесе ластамау әрбір адамның өз еркі деп білемін. Әр адам тәрбие бастауын балабақшадан қалыптастырады, әрі қарай адамның сана-сезіміне байланысты. Кеңес Одағы кезінен қалыптасқан орысша мақал – мәтелдің бірін айтайын: «Чисто не там, где убирают, а там, где не мусорят», – деді «АМӨЗ» ЖШС әкімшілік бөлімі бастығының орынбасары Асылбек Орынбаев.

- Сенбілікке қатысқандар шараға таңертеңнен бастап ат салысып, Азаттық даңғылы аумағын және бойындағы тұрғын үйлердің маңын, сондай-ақ Мәметова, Ашхабад т.б көшелерді тазалады. Қатысушылар қажетті құрал-жабдықтармен қамтылды. 2 сәуірде өткен сенбілікте 37 текше метр қоқыс шығарылса, 16 сәуірде 20 текше метр қоқыс шығарылған болатын. Қалалық және республикалық экологиялық науқандарға қатысу біз үшін дәстүрге айналды. Зауыт қызметкерлері қаланы тазарту туралы үндеуге әрқашан келісіммен қарайды, – деді «АМӨЗ» ЖШС әкімшілік бөлімінің басшысы Галима Гизатуллина.

- Ауа-райы бұлттанып түнеріп тұрса да, көңіл-күйіміз керемет! Шаң-тозаңның ортасында жүріп қоғамның тазалығы үшін жұмыстанып жүрмін. Қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір адамзаттың басты міндеті. Жоспарға сәйкес әр аптаның соңында сенбілік жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қалалық тұрғындарды осындай сенбілікке қатысуға шақырамын. Себебі қала – ортақ үйіміз. Халық та қаланың тазалығына бей-жай қарамайды деген пікірдемін. Сенбілік шараға белсене араласып екі-үш қапшықтай қоқыс



Суретке түсірген Данияр МУХАМБЕТОВ

шығардым. Күнделікті өмірде жол бойынан бөтелке, шемішке тәрізді қалдықтарды көрсем қоқыс жәшігіне тастаймын. Келешектегі 5 жыл ішінде қаламызды көркейткен әдемі және өзге қалалардан ерекше елестетемін, – деді «АМӨЗ» ЖШС материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі экономист Айгүл Түлебаева.

- Көктемгі тазалық жұмысына кірісіп кеттік. Өз қаламды жақсы көремін. Тек мен емес, отбасым, халқым да қаланың көрікті көрінгенін қалайды. Қазіргі заманда қаламыз өте лас деп те айта алмаймын. Қоғамда әр нәрсенің өзіндік орны бар. Соның өзінде бүршік жарып жатқан талдарға ем ретінде

айналасындағы қалдықтарды азайтып, үш қоқыс қапшық шығардым. Адамдар бір-біріне үлкен-кіші демей сыйластықпен қарайласа, барлығы бір жұмыла қоғамның тазалығын қадағалаушы еді. Болашақта Атырауымызды жасыл қала ретінде елестетемін, – деді «АМӨЗ» ЖШС гидрогендік процесстер өндірісінің операторы Әділ Құлтаев.

- Зауытта жұмыс жасағаным отыз жылға жуықтаса да сенбілік шараларынан бірде-бір рет қалған емеспін. Бұрын зауыт саябағын ретке келтіруші едік. Қазіргі кезде қаланың үлкен аумақтарын тазалау мүмкіндігі туды. Ұзақ қыстан кейін әріптестерімізбен бірге қаламыздың келбетін жақсартуға септігіміз тиіп

жатырғанына қуаныштымыз. Таза тротуарлар мен аулалардың бойымен жүру балықшы тұрғындарына жағымды болады деп ойлаймын, – деді «АМӨЗ» ЖШС ақпараттық технологиялар бөлімінің маманы Эльвира Ақтажана.

Атырауда жалпықалалық сенбіліктер 30 сәуірге дейін жалғасады. Осындай іс-шаралардың экологиялық жағдай үшін ерекше маңызды екенін ескере отырып, зауыт жұмысшылары сенбілікке әрқашан ынтымақтастықпен қатысуға дайын. Ата-бабадан дарыған туған өлкеміздің табиғаты әрқашан киелі. Сондықтан атамекенді аялау басты парызымыз.

Айдана ҚАНАТАЕВА

QAҰYPSIZDIK

SAPA

TURAQTYLYQ



БЕЗОПАСНОСТЬ

КАЧЕСТВО

СТАБИЛЬНОСТЬ

ДОБРО ПОЖАЛОВАТЬ НА ЗАВОД!

В нынешние нелегкие времена, когда экономическая ситуация в мире создает постоянное тревожное настроение, вселяя неуверенность в завтрашнем дне, приятная новость о том, что вас приняли на работу, вполне может дать стимул для новых свершений. Тем более, если вы полный сил молодой человек, готовый на деле доказывать свою конкурентоспособность. И подобные хорошие события нередко случаются именно на Атырауском нефтеперерабатывающем заводе.

В середине марта здесь было организовано тестирование ряда соискателей вакансий, которые в надежде трудоустроиться присылали свои резюме через официальный сайт завода.

- Всего на интервью мы пригласили одиннадцать человек, - рассказала в беседе с «Новатором» специалист по оценке персонала Айгерим Сарсенбаева. - Резюме десяти претендентов мы отобрали непосредственно в заводской базе, а один человек самостоятельно прислал заявление о трудоустройстве. Мы позвонили и пригласили их на тестирование, на котором для определения профессиональных знаний, анализа вербальной и числовой информации было необходимо ответить на 25 вопросов за 30 минут.

По словам специалиста, в основном на электронную почту завода резюме присылают выпускники вузов, получившие

проведенных бесед голосовали за того или иного кандидата, то есть выбрали лучшего, по их мнению, новичка. В конце оставалось только распределить будущих заводчан по цехам.

Безусловно, участникам конкурса была предоставлена возможность тщательно подготовиться к тестированию, поэтому они были заранее предупреждены о том, что их ждет. Словом, жалобы, что человек растерялся или не ожидал, что на раздумывание дали мало времени, по завершении собеседования не звучат.

Всего из одиннадцати человек, проходивших тестирование в 2022 году в марте, получили приглашение на работу лишь трое. Один из таких счастливчиков - Даулетбек Багытов. Нового специалиста приняли в качестве оператора технологических установок четвертого разряда.



Фото Алғая СҮЕНОВА

техническое образование. И это обязательное условие - наличие диплома о высшем образовании.

Таким образом, удачно прошедшие первый этап были приглашены на второй, где кандидаты проходили собеседование уже с конкурсной комиссией, в которой председательствовал первый заместитель генерального директора ТОО «АНПЗ» по производству Рахимжан Жангабылов. Кроме того, в ее состав вошли директор департамента управления персоналом и оплаты труда Серик Арыстан, управляющий директор по товарному производству и внутренней логистике Олег Самаркин, исполняющий обязанности управляющего директора по переработке нефти и процессам обессеривания Аскар Ермышев, управляющий директор по нефтехимии Бауржан Жандауов, а также начальник технического отдела Ибрагим Кайрлиев. На собеседовании методом производственного выбора претендент получал один из десяти билетов, каждый из которых содержал пять вопросов на двух языках. Члены комиссии также по своему усмотрению задавали дополнительные вопросы, а по итогам

- В 2018 году я окончил Атырауский университет нефти и газа имени Сафи Утебаева по специальности «Нефтегазовое дело», - рассказал нам в беседе Даулетбек. - Увидев на сайте enbek.kz объявление об открытой вакансии АНПЗ на должность оператора технологических установок, я отправил свое резюме. Вскоре со мной связались представители завода и пригласили на тестирование, отметив, что после удачного его прохождения меня ждет собеседование. Преодолев первый этап тестирования, я наконец-то попал на собеседование, где мне задавали вопросы по моей специальности, также я отвечал на вопросы по билету. Потом мне сообщили, что я им подхожу, ознакомили с приказом о принятии на работу. Должен отметить, что я устроился на работу на АНПЗ не по знакомству, все прошло предельно открыто и честно. Поэтому хотелось бы выразить благодарность специалистам завода, которые занимались моим трудоустройством, за то, что они поддерживали со мной связь, помогая на всех этапах собеседования, - добавил он.

Шынар ТЕКЕЕВА

КАДРОВОЕ НАЗНАЧЕНИЕ

Приказом генерального директора №67-к от 14 марта 2022 года Арман Бауржанович Димукашев назначен главным техническим руководителем по охране труда - начальником службы безопасности и охраны труда.

А. Димукашев родился 25 февраля 1983 года. **Образование:** Атырауский университет нефти и газа им. С. Утебаева (2019 г.), Астраханский государственный политехнический колледж (2003 г.), Международный юридический институт при МЮ РФ, г. Москва (2006 г.). **Специальности:** безопасность жизнедеятельности и защита окружающей среды; юриспруденция. **Квалификация:** бакалавр техники и технологии, юрист.

Сертификация: NEBOSH Международная сертификация по охране труда и технике безопасности (Великобритания), 2019 г.

Трудовая деятельность: пожарный объектовой противопожарной службы ТОО «АНПЗ» (2006 г.), инструктор по противопожарной профилактике ОППС (2007 г.), инспектор по профилактике пожаров и газовой безопасности ОПГ и МС (2008 г.), инженер-инспектор по технике безопасности (2011 г.), ведущий инженер отдела техники безопасности и охраны труда (2013 г.), заместитель начальника службы БиОТ департамента охраны труда, окружающей среды, ГО и ЧС, службы безопасности и охраны труда (2018 г.), и.о. главного технического руководителя по охране труда - начальника службы безопасности и охраны труда (2022 г.).



ТҰРАҚТЫ ДАМУ НЕГІЗІНІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

1 сәуір күні Атырау мұнай өндеу зауытында еншілес ұйымдар қызметінің әсерін бағалау жобасы бойынша жол картасын әзірлеу және бекіту жөніндегі жұмыс тобының мүшелері үшін экологиялық, әлеуметтік және экономикалық (ESG) салаларда тұрақты даму негізі бойынша оқыту семинары өтті.

Семинардың мақсаты - ESG рейтингін жақсарту және тұрақты дамудың негіздерін, процестері мен құрылымы туралы түсінікті қатысушыларға үйрету.

Тұрақты даму - компанияның саясатын қалыптастырушы және болашаққа негізделген ұзақ мерзімді мақсаттарды қоюды жоспарлайтын бағыт.

Оқытуды тәуекелдерді басқару жүйелерінің сертифицирталған аудиторы, Dostyk Advisory басқарушы серіктесі, корпоративтік басқару және тұрақты даму саласындағы кеңесші Нұрлан Оңғарбаев жүргізді.

ESG рейтингі туралы естуіңіз бар ма?

2021 жылы жарияланған жылдық есептерде 50 үздік компаниялар рейтингінде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ақпаратты ашу бойынша бірінші орын иеленді. Рейтинг мақсаты - қазақстандық компаниялардың ESG-ақпаратын қалай ашатынын бағалау, озық тәжірибені анықтау және келешекте даму үшін нұсқау беру. Рейтинг әдістемесі 76 өлшемді қамтыды. Әрбір әдістемеге баға (1-ден 10-ға дейін) берілді. Бағалау әдістемелері тұрақты дамуды басқару, әлеуметтік саясат, экологиялық әсер ету және корпоративтік басқару сияқты ашылу блоктарын қамтыды. Сонымен қатар ақпараттың анықтығы мен сапасы үшін қосымша ұпайлар берілді.

Қазақстандық компаниялардың есептерінде ESG-ақпаратты ашу сапасы дамып келеді. Олай дейтініміз, 2019-2020 жылдары АМӨЗ PwC Kazakhstan компаниясы ұсынған ESG-ақпаратты ашу бойынша рейтингке қатысты. 2019 жылдық есептің қорытындысы бойынша 61 орынды иеленсе, 2020 жылы 32 орынға көтерілді. Демек, зауыттың «Тұрақты дамуды басқару» бойынша ақпарат берілу сапасы әлдеқайда жақсарды. Компаниялар көбінесе халықаралық бастамаларды ұстанады. Көптеген кәсіпорндар БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарын қолдайтындықтарын мәлімдеді. 2019 жылдың қорытындысы бойынша 30%, 2020 жылы 46% компаниялар қолдау көрсеткен. «ҚазМұнайГаз» 2031 жылға дейінгі даму стратегиялық мақсаттарының бірі ретінде тұрақты дамуды негізге алды.

- Тұрақты даму жөнінде оқу семинары 3 сағатқа жалғасты. Қатысушыларға біреудің мәселесін шешуге тырысасыз ба, жылына 100 мың доллар немесе 100 млн доллар табатын кәсіпкер қоғамның дамуына қанша қаражат бөлуі тиіс дегендей біраз сынды сауалдар қойылып, практикалық тапсырмаларды қарастырдық, - деді АМӨЗ ЖШС ішкі бақылау қызметінің менеджері Жеткербай Аевзов.

Айта кетейік, БҰҰ тұрақты дамуда өз алдына 17 мақсат қойып отыр. Олар

лайықты жұмыс пен экономикалық өсім, денсаулықты жақсарту, кедейлікті азайту, ашаршылықты жою, климат өзгеруіне қарсы күрес, тазалық сақтау, тұрақты даму мүддесіндегі серіктестік т.с.с. Тұрақты даму стратегияларын, саясаттарын мен бастамаларын жетілдіру БҰҰ - ның жаһандық келісімі деп аталады. Ол ұйымдар қызметіндегі сапа мен сенімділікке қол жеткізуге арналған бағыт. Жаһандық шарттар негізіндегі маңызды деген қағидаттар да бар. Мысалы, іскерлік ортадағы адам құқығын құрметтеуге, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарындағы бопсалау мен паракорлыққа қарсы тұру, сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге байланысты көзқарасты қолдау. Осындай саясатты қолдау мақсатында зауыт өз алдына міндеттемелер жүктеген еді. Қоршаған ортаны қорғау, энергия тиімділігі, халықаралық стандартты сақтау, менеджменттің интеграцияланған жүйесін өлшеудегі ақпаратты қамтамасыз ету, есептік және бақылау ақпараттың қолжетімділігі, қызметкерлер мен мердігер ұйымдар үшін қауіпсіз жұмыс ортасын қамтамасыз ету, еңбекті қорғау мәселелеріне жауапты қатынасты қалыптастыру, мұнай өндеу процесінің сапасына тұтынушылардың талаптарының сәйкестігі және орындалу міндеттемелерін негізге алды. Осылардың барлығы әлеуметтік және экономикалық факторларды ескере отырып, зиянды әсерді барынша азайту үшін қажетті міндеттемелер. Тұрақты даму стратегияларын қолдауда зауытқа корпоративтік этика кодексін енгізген болатын. Бұл кодексте қызметкерлердің ішкі және сыртқы ортамен тәртіп ережелері қарастырылған. Ішкі ортамен байланыс ережелеріне әріптестер бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болуы, қызметкерлердің басшымен жұмыс процесінде міндеттемелерін орындауы кіреді. Сыртқы ортамен байланыс ережелеріне қызметкерлердің тұтынушылармен, клиенттермен, мердігер ұйымдармен және жеткізушілермен бірегей қатынаста болуы негізделген. Корпоративтік этикада «SAQTYQ», «BIRLIK», «SABYR», «SAPA» құндылықтары сақталған. Кәсіпорында іскерлік стильге сәйкес киіну, жиналыс кезінде телефонды үнсіз режимге қою, қызметте кикілжің болдырмау, тазалықты сақтау ережелері бар.

Болашақ қоғамды орнықты және тұрақты, үйлесімді дамуды жүзеге асыру үшін қызметкерлердің тұрақты даму мақсаттарымен танысуы шарт. Ұйымның әр қызметкерінде жеке жауапкершілік және жаңа қазақстандық патриотизм болғаны абзал.

Айдана ҚАНАТАЕВА

ОБНОВЛЕННЫЙ СПИСОК СИСТЕМЫ СКИДОК ДЛЯ РАБОТНИКОВ ТОО «АНПЗ»

 ORANGE FITNESS  ORANGE GYM 15%	 ШАШЛЫКОФФ  10%	 JDA  10%
 MANOR  10%	 PARILKINO  10%	 PLAN B ATYRAU  15%
 TRAVELERS COFFEE 10%		



ХОНЫС ЕРКЕБАЕВ – ПРОФЕССИОНАЛ СВОЕГО ДЕЛА

Шумные провода ветеранов на заслуженный отдых на Атырауском НПЗ – дело привычное. Удивительно, как здесь скромно и при этом по-семейному тепло поздравляют виновника торжества; чувствуются в звучащих пожеланиях, объятиях и улыбках коллег неподдельные искренность и уважение. Таким же по-дружески незатейливым получилось и собрание, посвященное старшему оператору эстакады слива и налива нефтепродуктов ПИТН Хонысу Ходановичу Еркебаеву.

«Профессионал, надежный соратник», - почти хором заявляли коллеги, собравшись на торжественное собрание в небольшом актовом зале при цехе. Со всех сторон слышались пожелания здоровья, слова признательности, а главное действующее лицо события – Хоныс Ходанович – с удовольствием купался во внимании, признаваясь в ответ, что этот день настал лишь благодаря поддержке близких и коллектива.

Родился будущий старший оператор эстакады слива и налива нефтепродуктов 4 марта 1959 года в Гурьеве. Отучившись восемь классов в школе имени Гоголя, которая раньше находилась в Жилгородке, поступил в политехнический техникум на отделение «Промышленное и гражданское строительство». В беседе Хоныс Ходанович не раз подчеркивал, что большое влияние на него, как специалиста, повлияла служба в армии. В 1978 году его как раз послали в учебную армейскую часть в город Горький, в строительные войска, где он и получил специальность.

- Окончил учебу я с отличием, - с гордостью сообщает ветеран, - потом отправили в Тургайскую степь, в город Державинск. А закончил службу командиром взвода в звании сержанта.

По словам Еркебаева, после демобилизации он не мог позволить себе сидеть без дела, поэтому сразу же отправился искать себе занятие. Тогда в Гурьеве успешно функционировало большое предприятие – зерновой элеватор, куда он успешно устроился. И снова три года труда не прошли даром, на первом месте Хоныс Ходанович освоил многие профессии:

- А там в основном как в нашем заводском ремонтно-механическом центре, - говорит аксакал. – Я на элеваторе многому научился, начал как самоучка, потом набрался опыта. И, наконец, 23 мая 1983 года переехал на Гурьевский нефтеперерабатывающий завод, где меня сразу приняли оператором.

С тех пор проработал здесь, как он сам отметил, «тридцать девять лет с копейками», не меняя цеха, на одном месте.

- Не имею такой привычки, чтобы прыгать туда-сюда, - смеется Хоныс Ходанович. – И вам не советую.

С особой теплотой ветеран вспоминает своих наставников, благодаря которым

состоялся как специалист: Нурыша Сулегалеева, Таргына Ескараева, Александра Белобородова. Вместе с тем, он и сам воспитал талантливых учеников, под его крылом начинали такие специалисты, как Абен Утеулиев, Азамат Смагулов, Кайрат Уразбаев, и многие другие.

- Не жалеете о том, что не попробовали себя в другой профессии? Почему именно нефтеперерабатывающий завод? – задаем мы вопрос.

Встретил Еркебаев спутницу своей жизни Зейнеп здесь же почти сразу, как только поступил на службу.

- Мы познакомились в 1983 году, а через год уже поженились. Воспитали четверых детей, - рассказывает машинист четвертого цеха Зейнеп Еркебаева, которая тоже присутствовала на церемонии чествования супруга. – Наш сын Гибрат Еркебаев продолжает наше с мужем дело - работает на установке ПППН, дочери тоже трудятся, каждая в своей отрасли. И мы благодарны заводу за то, что создаются все необходимые условия. Благодаря АНПЗ мы получили квартиру. Также хотелось бы поблагодарить всех своих коллег, наше начальство за постоянную поддержку и внимание.

За годы работы на Атырауском НПЗ Хоныс Еркебаев был удостоен многочисленных наград, получив юбилейные медали на 120-летие

специалист, универсал. Хоныс работал на многих участках тогдашнего четвертого цеха, имеет большой производственный опыт. Был наставником для молодых машинистов и операторов, которые только-только приходили на работу, а позже сами стали наставниками для других поколений, опытными специалистами. Добросовестный, трудолюбивый, пунктуальный и очень коммуникабельный человек, - подчеркнул он и искренне пожелал другу: - Всего доброго, хорошей пенсии и спасибо тебе, Хоныс!

Урак Уразмухамбетов, начальник производства и транспортировки нефтепродуктов:

- Хоныса Ходановича я знаю, как добросовестного и трудолюбивого человека, который никогда не отказывается от работы. Это универсальный работник, готовый прийти на помощь в любую



- Потому что, давайте по-честному, здесь созданы все условия. Понимаете, это как в старом анекдоте, когда дети смеялись над теми, чьи родители работали инженерами, - и раньше, и сейчас рабочие всегда были в почете. Это я говорю, чтобы было понятнее. Меня иногда спрашивают, почему я не получил образование, не учился дальше. Дело в том, что я никогда и не хотел стать инженером, меня устраивало то, что я рабочий, тем более нужно было семью кормить, - добавляет Хоныс Ходанович.

казахстанской нефти, а также на 70-летие и 75-летие завода, почетные грамоты от отраслевых министерств. Кроме того, его имя, как передовика производства, украсило Доску почета, также он получил звание ветерана завода.

Сакен Куантыров, механик, инженер ТОРО, коллега:

- Я знаю Хоныса с 1991 года, они с супругой Зейнеп поженились здесь, создали семью. Он очень хороший

минуту, глубоко ответственный, настоящий профессионал своего дела. Он является примером для молодежи, - твердо заявил непосредственный начальник ветерана.

- Большое спасибо моему коллективу! Если бы не завод, я бы не состоялся как человек, - признался на прощание Хоныс Ходанович. - Завод – это мой второй дом, вторая семья.

**Шынар ТЕКЕЕВА
Фото Данияра МУХАМБЕТОВА**

СҰРАДЫҢЫЗ БА? ЖАУАП БЕРЕМІЗ!

«МЕДИКЕР» ЖШС ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ САПАСЫ ТУРАЛЫ

«АМӨЗ» ЖШС еңбек ұжымымен кездесу қорытындысы бойынша түрлі аспектілерге қатысты сұрақтар мен шағымдар түсті. Барлық арыз-шағымдар жан-жақты зерделеніп, жауаптар дайындалды. «Сұрадыңыз ба? Жауап береміз!» жаңа айдарда барлық айтылған мәселелерге жауап беріледі.

Күкірт және кокс өндірісі, гидрогендік процесстер өндірісі, мұнайды тереңдетіп өңдеу өндірісі қызметкерлерінің сұрақтары: «Медикер» ЖШС қызмет көрсету мәселесін бақылауға алу немесе басқа сақтандыру компаниясына қошу нұсқасын қарастыру қажет.

Ковид ауруы басталғанда «жедел жәрдем» шақырылғанда мобильді топ шықпады, дәрігер мобильді топтардың жетіспеушілігіне байланысты «Медикер-Жайық» филтрь-кабинетіне шақырды (бір ғана мобильді топ жасады). Науқастар коронавирустық инфекция белгілерімен дәрігерге қаралуға мәжбүр болды.

Жауап: «Бастапқыда қызметкерлердің медициналық сақтандырулары қазіргі жылға арналған ашық тендер қорытындысы негізінде ұсынылды. Тәжірибеде жылдан жылға тиісті қызмет көрсетушінің ауысуы төмен тиімділікке алып келді, дәлірек айтқанда, қызметкерлердің медициналық мәліметтерін жоғалту әсерінен қызмет көрсетуге ұзақ бейімделдік. Осындай проблемаларды болдырмау үшін қазіргі кезде «Медикер» ЖШС ұзақ мерзімді мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шартын жасады. Ұзақ мерзімді шарттың артықшылығы - қызметкердің медициналық тарихы жылдан жылға сақталып, талданады. Бұдан басқа, «Медикер» ЖШС жасынтық есептерді ұсыну арқылы «АМӨЗ» ЖШС-мен жалпы ақпараттық базаны қалыптастырады. 2020 жылдан бері медициналық орталықта төрт мобильді бригада құрылып, олардың құрамында үздіксіз медициналық көмек көрсететін төрт дәрігер және орта медициналық персонал жұмыс істейді (Бұл пациенттерге үйде қызмет көрсету, ПТР жағдайында алып вирусологиялық зертханаларға жеткізу, ауыр науқастарды стационарларға тасымалдау, сондай-ақ пациенттерді КТ диагностикалық зерттеулерге тасымалдау).

Медициналық көрсеткіштер бойынша емхана жағдайында тексерілу қажет болғанда пациенттер медициналық орталыққа шақырылды.

Сұрақ: «Зауыттың медициналық пунктінде қарасқан дәрігер (оның ішінде лор-дәрігер) пациентті қарау кезінде кабинетте орнатылған заманауи жабдықты пайдаланбайды. Тексерудің ескі әдістерін қолданады».

Жауап: «Диагност қозғалыстар мен диагностика, пациенттің субъективті шағымдары, анамнез және алынған нәтижелер негізінде тек отоларинголог диагностиканың қандай әдістерін қолдану керігін шеше алады».

Сұрақ: «Медикер» кәсіпорынның жұмысшыларға көрсететін қызметінің төмен тұстарын анықтау және оны жақсарту мақсатында сапалы



электрондық бағалауды енгізу мүмкіндіктерін қарастыру».

Жауап: «Сақтандырушы тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін есептеу әдістемесі және «Медикер» ЖШС ұсынатын қызметтердің сапасын бағалауға қатысты шағымдар формасы дайындалатын болады».

Күкірт және кокс өндірісі қызметкерлерінен сұрақ: «Стоматологиялық қызметтерге бөлінген сома аз, протездеу қызметтері ұсынылмаған. Соманы қайта қарап, тістерді протездеу қызметін енгізу қажет».

Жауап: «2021 жылдың 1 сәуірінен бастап мемлекеттік-жекеменшік серіктестік туралы шартқа өзгерістер енгізілді, оның ішінде стоматология мен дәрі-дәрмек алу лимиттері біріктірілді. Қазіргі уақытта бағдарламаның құны 159 367 теңгені құрайды, оның 130 000 теңгесі стоматология мен дәрі-дәрмектерге қарастырылған. Қалған қызметтерге (дәрігерге қаралу, стационарлық емдеу, кәсіби тексеру, вакцинация) 29 367 теңге немесе сыйлықақының 15% қарастырылған. Тістерді протездеу медициналық көрсеткіштер бойынша көрсетілетін қызметтердің құрамына кірмейді, осыған байланысты осы қызметті медициналық бағдарламаға енгізу мүмкін емес».

Күкірт және кокс өндірісі қызметкерлерінен сұрақ: «Отбасының барлық мүшелерінің жасына қарамастан медициналық сақтандыруды қамтамасыз ету (тікелей туыстар: әке, ана, балалар)».

Жауап: «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы шартқа сәйкес тегін тіркеу отбасының екі мүшесіне - жұбайына, 1 жасан 21 жасқа дейінгі балаларға, қызметкердің 70 жасқа дейінгі ата-аналарына рұқсат етіледі. Отбасының қалған мүшелері қосымша төлем төлеу арқылы (40 000 теңге) тіркеле алады. Отбасының мүшелерінің саны шектеусіз».

СПРАШИВАЛИ? ОТВЕЧАЕМ!

О КАЧЕСТВЕ УСЛУГ ТОО «МЕДИКЕР»

На днях по итогам встреч с трудовым коллективом ТОО «АНПЗ» было собрано немало вопросов и жалоб, касающихся различных аспектов работы предприятия. Все поступившие претензии были тщательно изучены и подготовлены подробные ответы. Сегодня мы открываем новую рубрику под названием «Спрашивали? Отвечаем!», где будут предоставляться ответы на все озвученные проблемы.

Вопрос: «Привлеченный врач в медпункте завода (в том числе лор-врач) при осмотре пациента не использует современное оборудование, установленное в кабинете. Применяет старые методы осмотра».

Ответ: «При диагностике отоларинголог руководствуется стандартами клинических протоколов и диагностики, субъективными жалобами пациента, анамнезом и на основании полученных результатов только врач может принять решение, какие методы диагностики необходимо использовать при осмотре».

Вопрос: «Рассмотреть возможность внедрения электронной оценки качества услуг, предоставляемых работникам завода, с целью определения слабых сторон и дальнейших улучшений».

Ответ: «Будут разработаны методика расчета ключевых показателей эффективности страховщика и форма жалоб застрахованного касательно оценки качества услуг, предоставляемых ТОО «Медикер»».

Вопрос от ПКИС: «Сумма, выделенная на стоматологические услуги, маленькая, не предоставлены услуги протезирования. Необходимо пересмотреть сумму и добавить в перечень услуг протезирование зубов».

Ответ: «С 1 апреля 2021 года в договор о государственно-частном партнерстве внесены изменения, в том числе проведено объединение лимитов на стоматологию и получение лекарств. На данный момент стоимость программы составляет 159 367 тенге, из которых 130 000 тенге предусмотрены на стоматологию и лекарства. На остальные услуги (приемы врачей, стационарное лечение, профосмотр, вакцинация) предусмотрено 29 367 тенге, или 15% от премии».

Протезирование зубов не входит в состав услуг, предоставляемых по медицинским показателям, в связи с чем включение данной услуги в медицинскую программу не предоставляется возможным».

Вопрос от ПКИС: «Предоставить медицинское страхование для всех членов семьи независимо от возраста (прямые родственники: отец, мать, дети)».

Ответ: «Согласно договору о государственно-частном партнерстве, бесплатное прикрепление распространяется на двух членов семьи - супруга/супругу, детей от 1 года до 21 лет включительно, родителей работника до 70 лет включительно. Остальные члены семьи могут прикрепиться за дополнительную оплату (40 000 тенге) без ограничения в количестве».

Вопрос от ПКИС, ПП, ППН: «Необходимо взять под контроль вопрос обслуживания ТОО «Медикер» или рассмотреть вариант перехода в другую страховую компанию».

При вызове «скорой» в период пандемии мобильная группа не выезжала, врач вызывал в филтрь-кабинет «Медикер-Жайық», ссылаясь на нехватку мобильных групп (работала всего одна). Больные пациенты с симптомами КВИ были вынуждены самостоятельно идти на прием к врачу».

Ответ: «Изначально услуги по медицинскому страхованию работников представлялись на основании итогов открытого тендера на текущий год. На практике частая смена услугодателя приводила к низкой эффективности, а точнее, к потере медицинских данных работников и, как следствие, долгой адаптации при предоставлении услуг. Во избежание подобных проблем был заключен долгосрочный договор о государственно-частном партнерстве с ТОО «Медикер», преимущества которого заключаются в том, что медицинские данные и истории болезни сотрудника сохраняются и анализируются из года в год. Кроме того, ТОО «Медикер» формирует общую информационную базу с ТОО «АНПЗ» посредством предоставления сводных отчетов».

Стоит отметить, что медицинском центре с 2020 года сформированы четыре мобильные бригады, в составе которых работают четыре врача и средний медперсонал, оказывающие непрерывную медицинскую помощь (это обслуживание пациентов на дому, заборы мазков ПЦР с доставкой в вирусологические лаборатории, транспортировка тяжелых пациентов в стационары, а также транспортировка пациентов на диагностические исследования на КТ).

В случае необходимости обследования по медицинским показаниям в условиях поликлиники пациенты приглашались в медцентр».

Коллектив ПиТН выражает глубокое соболезнование товарному оператору ПХИЭНАУ ПиТН Фадину Дмитрию в связи с кончиной отца

«НОВАТОР» басылымы
№8. 22 сәуір 2022 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, З.Қабдолов к-сі,1
тел.: 25-97-71, тел.факс: 25-96-75

Газет «Print House Gerona» ЖШС
баспаханасында басылды.
Алматы қ, Помяловский к-сі,
29 «А»/1. Тел: 398-94-59,
250-47-40, 398-94-60; ф.250-47-39
Тиражи 1200 дана
Тапсырыс № 569

БҰҚАРАМЕН БАЙЛАНЫС
ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІ:
бастығының м.а. Ш.Какимжанова
«MEDYAGROUP» ЖК:
жетекшісі – Д.Мұхамбетов
редакторлар: Ш.Текеева,
А.Қанатаева.

Газет
Қазақстан Республикасының
Баспасөз және бұқаралық
ақпарат министрлігінде
1992 жылғы 27 мамырда
тіркеліп, тіркеу туралы
№790 куәлігі берілген

Газет редакциясы жарнама
материалдары мен хабарландырулар,
құттықтаулар және көңіл айту
мазмұнына жауап бермейді.

НОВАТОР